

Құдайберді Бағашаров, әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университеті, Философия және
саясаттану факультеті, Дінтану және
мәдениеттану кафедрасының PhD докторанты

Ф. Гүлен және діни төзімділік идея турасында

Фетхуллах Гүлен есімі қазақ жұртшылығына соңғы жылдары етене таныс бола бастады. Оған себеп бірінші кезекте республика көлемінде ашылған қазақ-түрік лицейлері болса, екінші себеп ғалым еңбектерінің қазақ тіліне аударыла бастағандығы десек қателеспейміз.

Ислами мазмұндағы жалпы саны 60-тан астам кітаптың, 1200-ден астам ғылыми мақалалардың авторы Фетхуллах Гүлен түбі бір түркі жұртынан шыққан әлемге танымал бүгінгі күннің ең беделді исламтанушы ғалымдарының бірі. Ф. Гүленнің еңбектері бүгінгі таңда әлемнің 40-тан астам шет тілдеріне аударылды. Атап айтқанда, ағылшын, француз, испан, неміс, орыс, араб т.б. Ғалым еңбектерін қазақ тіліне аударып, оқырмандарға жеткізу ісін елімізде «Көкжиек» баспасы атқарып отыр.

Ф. Гүлен Түркия шеңберінде ғана емес, әлемдік деңгейде ғылыми-ағарту және мәдениетаралық, дінаралық татулыққа көп үлес қосып келе жатқан ғалым. Осы еңбегі үшін де ол айтулы ұйымдардың көптеген марапаттарына ие болған.

Ф. Гүленді 2008 жылы әлемдегі ең беделді басылымдардың бірі «Foreign Policy» және «Prospect» журналдары интернет арқылы жүргізген сауалнама нәтижесінде әлемдегі ең беделді зиялы ретінде жариялады. Исламтанушы ғалым Ф. Гүлен есімі бүгінгі күні қазақ зиялыларына да жақсы таныс. Оның дәлелі, 2010 ж. «Анарыс» баспасынан «Сана сәулетшісі» деген еңбек жарық көрді. Онда 45 қазақтың белгілі ақын-жазушылары Ф. Гүлен еңбектері жайында оң пікірлерін білдірді.

2009 ж. Ұлттық Ғылым Академиясының академигі А. Нысанбаев пен профессор Г. Соловьеваның «Фетхуллах Гюлен и современный мир: толерантность, диалог, взаимопонимание» атты еңбегі жарық көрді.

2011 ж. қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Философия және Саясаттану факультетінде сол факультеттегі философ профессорлардың ұйымдастыруымен «Бейбіт қатар өмір сүру философиясы: Ф.Гүлен үндеуі және қазақстандық үлгі» тақырыбында дөңгелек үстел мәжілісін өткізді. Бұл дөңгелек үстел мәжілісіне жиналған ғалымдар Ф. Гүленнің бүгінгі күні білімді дамытуға, жастар тәрбиесіне қосып отырған үлесіне, дінаралық және мәдениеттер аралық татуластыққа шақырған іс-шараларына оң баға берді.

Фетхуллах Гүлен – бүкіл өмірін бейбітшілік пен дінаралық татулықты орнатуға арнаған айтулы тұлға. Ол қазір АҚШ-тың Пенсильвания штатына қарасты Нью-Джерси қаласы маңындағы шағын ауданда емделуде.

Қазақ зиялыларының Ф. Гүлен жайлы пікірін білуде 2010 жылы Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша, Мәлік Отарбаевтың құрастыруымен шыққан «Сана сәулетшісі» атты жинақтың мәні зор. Жинақта қазақтың қарымды қаламгерлері мен сөз зергерлері Гүлен туындыларының тереңіне бойлап, оның адамдық һәм гуманистік идеясына, парасат биігіндегі пәлсафалық ойларына, әдебиет пен мәдениет, діл мен дін, адам мен қоғам өмірі туралы көзқарастарын зерделеп, бағамдаған.

Енді ғана тәй-тәй басып дамып келе жатқан жас мемлекетіміздің діни білімі төмендеу екені баршамызға белгілі. 70 жыл солақай саясаттың зардабын шеккен еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де ұзақ уақыт ата-бабасы ұстанған дін мен дәстүрді толық меңгеріп кете алмады. Қазақ жұртының осы осалдығын пайдаланып, көп деген бұрыс ағымдар үгіт-насихаттарын белсенді жүргізе бастады. Онсыз да рухани ашаршылыққа душар елдің санасын әбден улаған сол ағымдардың ойлаған мақсаттары бүгінде айтарлықтай жүзеге

асуда. Сол ағымдардың айдауында кетіп, дінге деген көзқарасымызды дәлелсіз пайымдаулармен лаптап алмау үшін Фетхуллах Гүлен секілді ғалымның еңбектерімен таныс болу біз үшін сарқылмас білім қайнары екенін кітаптағы қазақ зиялыларының жазған пікірлерінен анық байқауға болады.

Кітаптың алғашқы бетіне Фетхуллах Гүлен жайлы өз пікірін қалдырған - ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Серік Қирабаев болды.

«Ф.Гүлен есімі қазір әлем халықтарының көбіне таныс. Ол дүниежүзілік дамудың мүмкіндіктерін пайдалану жайындағы жаңа идеяларымен көпке танылды және ірі қоғам қайраткері ретінде мойындалды. Өткен жылы Американың «Foreign policy» журналы әлемдегі ең танымал интеллектуал ретінде Фетхуллах Гүлен есімін бірінші атады. 2004 жылы «Руханият» Ассоциациясы оған «Халықтар арасындағы бейбітшілік пен келісім» үшін сыйлығын берді. «Халықтар арасында тәуелсіздік пен төзімділік идеясын насихаттағаны» үшін ол ЮНЕСКО-ның жұлдесіне ие болды. Түркияда құрылған халықаралық «Диалог Еуразия» платформасы, оның органы «da Қазақстан» журналы Ф.Гүлен идеясын әлемдік көлемде насихаттауға және таратуда үлкен жұмыс жүргізіп отыр. Осының арқасында Ф.Гүлен идеясы халықаралық азаматтық қозғалысқа айналды. Ф.Гүленнің қазірдің өзінде алпыс бес кітабы, жеті мыңнан астам мақалалары көптеген халықтар тілдеріне аударылып тарады» [9, 10 б.] - деп, ғалымның өмірдегі жетістіктері мен әлемдегі алатын орнын айқындайды. Серік Қирабаев Фетхуллах Гүленнің қазіргі әртүрлі көзқарасқа құрылған, біріне-бірі құлақ аспай, халықаралық жағдайды шиеленістіріп отырған қоғам тіршілігіне наразылығын ашық білдіруші екенін өз мақаласында айта кетеді.

Мазмұнды пікір білдірген тағы бір зиялы кісі 1932 жылы Жамбыл облысында дүниеге келген қазақтың шебер жазушысы Шерхан Мұртаза.

Шерхан Мұртаза алаш тарихын Осман империясының тарихымен ұштастыра отырып, Фетхуллах Гүленнің көтерген мәселелері мен кезінде Абай атамyzдың идеясы бір арнада сабақтасатынына көңіл аудартып былай дейді: «XIX ғасырда Шоқан мен Абай бастаған ағартушылық ағым халқымыздың жаңа биікке шығуына әсер етті. Халық рухының кемелденуін аңсаған Абай тек білім мен ғылымды, табиғат пен махаббатты жырлап, қағазға түсіруді мақсат етпеген. Хәкім Абай ақындықты өзек етіп, қазаққа таныс әдіспен, даналық ойларын алға тартып халқын тәрбиеледі. Абай жолы деген осы...

Кешегі қылышынан қан тамып тұрған қызыл империяның өзінде Тұрар Рысқұлов, Мұстафа Шоқай секілді Алаш ардақтылары түркі жұртының тұтастығын ойлаған жоқ па? Ең бастысы, олар қандай қоғамдық қызметте жүрсе де, ізгілік пен иманды-лықты ту етіп, адамдық асыл қасиеттерді жетілдіріп, дамытып отырды.

Осы ретте, адамзаттың ынтымағы мен қоғамның үйлесімділігін үндестіре білген гуманист, ойшыл Фетхуллах Гүленнің де өзіндік көзқарастары, идеялары көңіл аударарлық. Әлемдегі барлық елдердің ортақ сұранысын, діндердің ымырашылдығы мен түсінушілігін, адамдар арасындағы бейбіт қарым-қатынасты қалыптастырудағы оның еңбегі ерекше екені байқалады.

Түрік дүниесінен шыққан ойшылдың құнды көзқарастары, өзінің идеясымен жүзеге асып отырған білім беру сатылары Ұлы Жаратушыға сенген, байтақ даласына құт қонған, жігерлі де қайратты халқымызға жат емес» [9, 54 б.].

Ал, Ресей Либералдық демократиялық партиясының лидері Владимир Жириновский былай деп пікір білдіріпті:

«Біздің интеллектуалдарымыздың өзі Фетхуллах Гүленді білмейді. Бізді тек Түркияның туристік жерлері ғана қызықтырады. Онда болған жағымсыз жайттарды ғана әңгімелеуге құмармыз. Ал, ұлы философ және ойшылдың бізге аса пайдалы боларлық ойлары біздерге әлі күнге жетпей жатыр» [5, 54 б.].

Фетхуллах Гүлен өз еңбектерінде дін аралықты диалогты жақтай отырып, осы тұрғыда бірқатар маңызды шаруалардың атқарылуына бастама көтерді. Ол әлемдегі дін

аралық диалог, өзге дін өкілдерімен ортақ ымыраластықта болу Ислам үшін жат еместігін өз еңбектерінде білдіреді [14];

«Түрлі дін өкілдерінің арасындағы диалогтың мақсаты – рухани бірлік пен келісімді жүзеге асырып, сонымен қатар діннің жан-жақты бесаспаптық қасиетін қолдау болып табылады. Дін барлық сенім түрлерін қамтиды, әрі оларды табыстыра отырып, үлкен талпыныспен алға жылжиды. Олар өз пайғамбарлары арқылы сүйіспеншілік, өзара сыйластық, сабырлық, кешірімділік, мейірімділік, адам құқығы, бейбітшілік, бауырмашылдық және еркіндікті ұлықтайды» деген пікір білдіреді [14].

Яғни, ғалымның айтуынша, өзге дін өкілдеріне төзімділік таныту әрі шынайы діндер арасы диалог тек болашаққа тән идеал емес, ол толық мұсылмандықтың белгісі, дін негізі осыны талап етеді [2, б.193-94].

Осы орайда діни төзімділіктің Исламдағы негіздерін саралау да қажет. Ол үшін тарихқа жүгінуге, қасиетті Құран аяттары мен хадистерді талдап, сондай-ақ Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) мен кейінгі әділетті халифалар бұны қалай іске асырғанына көз жүгіртуімізге тура келеді. Өйткені мұсылман қоғамы қай кезде де өзге дін өкілдерімен ортақ ымыраластықта қатарласа өмір сүріп келген.

Көктен түскен иләхи кітаптардың соңғысы Құран кәрім мына аяттарында адамдарды бір-бірімен аралас-құралас, таныс-біліс болуға шақыруда:

«Әй, адамдар! Біз сендерді бір ер мен әйелден жараттық. Бір-бірімен таныссын деп сендерді өзара ұлттар мен ұлыстарға бөлдік. Күмәнсіз, Алланың қасында ең құрметтілерің Одан ең көп қорқатындарың» [10, 49/13].

Жаратушының бұл әмірі адамзат баласын бір-бірін тосырқап жатсынбай, кез-келген жеке тұлғаны жеріне, нәсіліне, ұлтына, дініне қарамастан бір-бірімен жақын танысуға шақыруда. Жер бетіндегі өркениеттер мен мәдениет өкілдерінің бір-бірімен жақын араласуы, бір-бірінің дүниетанымымен санасуы, діни т.б. ерекшеліктерімен таныс болуы ол тек қана әлемде бейбітшіліктің орнауына алып келері сөзсіз.

Тағы бір аятта діни бөтен болған жағдайда да тіл табысуға шақырып, ортақ сенімде мәмілеге келу керектігі былай баяндалған:

«Былай де: Әй, кітап иелері! Келіндер, бәрімізге ортақ мына сөзге тоқталайық: Алладан басқаға құлшылық жасамайық. Оған ешкімді серік қоспайық. Ешкім Алладан өзгеге тәңір деп табынбасын» [10, 3/64].

Құранда Алланың: «Кітап иелерімен ең көркем түрде, сыпайылықпен әдептілік сақтап пікір таласындар» деуі [10, 29/46]. мұсылмандарды олармен үн қатысу кезінде сыпайыгершілікке, өзара түсіністікке, сыйластыққа шақырып тұрғанын айқын аңғартады. «Анкабут» сүресінде де былай делінген: «Іштеріңдегі зұлымдық жасағандарынан басқа кітап иелерімен көркем түрде пікір таласындар. Оларға: «Бізге түсірілгенге де, сендерге түсірілгенге де иман келтірдік. Және біздің Құдайымыз да сендердің Құдайларың да біреу-ақ. Біз Оған мойынсұнғандармыз» деңдер» [10, 49].

Міне, Құранның дәріптеп отырған әдісі осы. Пікір талас өрбіту кезінде сыпайыгершіліктен аспау Исламда ізгілік этикасы болып табылады.

Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) өз өмірінде Құранның әмірлерін қалтқысыз орындап, кітап иелерімен жылы қарым-қатынаста болуға тырысқан. Христиандармен диалогы алғаш рет уахи келгенде-ақ басталған. Өйткені оның пайғамбарлығын растаған Уарақа ибн Нәуфәл Інжілге қанық білімді христиан еді.

Пайғамбарлықтың үшінші жылында Византия Ираннан жеңіліс тапқанда, мұсылмандар бұған іштей қайғырған да болатын. Тіпті бұл жөнінде аят та түскен [10, 30/1-5].

Өзге дін өкілдеріне жасалған кеңпейілдіктің үлгілерін Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) жеке өмірінен көптеп кездестіреміз. Айталық, бір жолы бір еврейдің табытын көтеріп бара жатқан топты көргенде, дереу орнынан түрегеліп құрмет көрсетеді. Жанындағылар оның мұсылман еместігін ескерткенде, Алланың елшісі «Кім болса да адам емес пе?» деп ойлы жауап қатқан [7, 78/81].

Ислам діні келген алғашқы уақыттарда өзге дін өкілдері бұны жылы қабылдамағаны тарихтан белгілі. Ата-бабалары табынып келген пұттардан бас тартқаны үшін мүшріктер алғашқы мұсылмандарға көп қысым жасаған. Қинап өлтіріп тастауға дейін асқынған бұл қысымнан мұсылмандар қатты зардап шеккен кезінде, Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына көршілес Эфиопияға көшуге кеңес берген. Өйткені Эфиопия патшасы Ашама ибн Әбжар христиандықты ұстанатын еді. Мұсылмандардың сол уақыттарда басқа сенімдегілерден емес христиан елден пана табуы расында да тарихи тұрғыдан өте маңызды. Өйткені кейінгі ғасырларда христиандардың да мұсылмандардан әділеттілік көрген оқиғалары жиі кездеседі. Эфиопияны таңдауын Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) былай түсіндірген:

«Хабашистанды сағалағандарыңды жөн көрем. Неге десендер, ол жактың патшасы карамағындағыларға зұлымдық жасамайды. Ол жақта әділеттілік үстемдік құрған. Алла сендерге бір жол көрсеткенше сол аймақта бола тұрыңдар» [11, 117 б.].

Еврей ұлтынан Абдуллаһ ибн Үбәй ибн Сәлүл мұсылмандарға дұшпандықта тым шектен шыққандардың бірі еді. Алайда екіжүзді Ибн Сәлүл қанша қастық пиғылдан бас тартпай кетсе де, Алла елшісі ол қайтыс болғанда, өз шапанын шешіп беріп, сонымен жерлеткен. Тіпті әлгінің жаназа намазын да өзі бастап оқытқан. Хазірет Омар оның көзі тірісінде мұсылмандарға жасаған жамандықтарын тізбелеп айтып бұны қанша жатырқап, жақамаса да Пайғамбарымыз «Алла бұл істе таңдау еркін өзіме қалдырды. Қаласам жетпістен аса мәрте кешірім тілеймін» деп жауап қатады. Осы кезде «Тәуба» сүресінің сексен төртінші аяты түсіп, мынандай үкім беріледі:

«Олардан өлгендердің ешбірінің жаназа намазын оқыма. Қабірінің басына барып дұға тілеме!».

Бұл мысалдардан Мұхаммед пайғамбардың өзге дін өкілдеріне адам болғаны үшін-ақ құрмет көрсетуге, кешірім етуге лайық деп білгенін көреміз. Бұл түсінік әрине Ислам дінінің түп негізінде жатқан кеңпейілдіктен бастау алуда.

Мәдинаға хижраттың алғашқы күндерінде болған оқиға да мұсылмандардың өзге дін өкілдеріне қандай жақындық танытқанына дәлел.

Сол уақыттарда еврейлердің ораза ұстап жүргенін көрген Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) оның себебін сұрастырғанда, «Осы күні Мұса пайғамбар перғауынның зұлымдығынан құтылған. Мұса пайғамбар осы күнді ораза ұстаған» деген жауап естиді. Сонда Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) «Сендерге қарағанда Мұсаған біз анағұрлым жақынырақпыз» деп, мұсылмандарға да сол күні ауыз бекітуді бұйырған. Ол ораза «Ашура» деп аталады [3, 68 б.].

Исламдағы діни төзімділік алғаш рет Мәдина құжатында да көрініс тапты. Аталмыш құжаттың жиырма бесінші бабында мынандай үкім жазылған: «Еврейлердің діні өздеріне, мүминдердікі өздеріне». Бұл бап Мәдинадағы әрбір дін өкіліне наным-сенім еркіндігі берілгенін ұқтыруда. Яғни еврейлерге өз дінін, ал мүминдерге өз дінін ұстануына жол ашылған [11, 14 б.]. Бір қызығы, құжат заңдық күшіне еніп, еврейлер Мәдинадан ығыстырылғанға дейінгі аралықта еврейлерге мұсылмандыққа өту жөнінде ешқандай діни қысым жасалмағаны анықталған.

Мына бір мысал да ойымызға дәлел бола алады. Бәни Харис ибн Қағыб бастаған топқа Исламды үйретуді табыстап тұрып Мұхаммед пайғамбар жазбаша түрде берген кеңесте сол аймақтағы еврейлер мен христиандарды Ислам дініне күштеп кіргізуге қинамау керектігін баса ескерткен [6, II/593 б.].

Жалпы діни төзімділік пен кеңпейілдікті негізге алған Ислам дінінде біреуді өз сеніміне күштеп кіргізу, қинау атымен болмаған. Мұхаммед пайғамбардың өнегесіне басшылыққа алған мұсылмандар қай кезде де қасиетті Кітап иелеріне зор құрметпен қараған. Кітап иелерінен қыз алуға болатыны, солар құрмет тұтатын бүкіл пайғамбарларға құрметпен қарауға шақыруының өзі де Исламның басқа дін өкілдеріне қаншалықты ілтипатпен қарағанына дәлел.

Халифалар дәуірінде де мұсылмандарды паналаған өзге дін өкілдеріне ешқандай қысым жасалған жоқ, қайта олардың құқы әркез қорғалып отырды. Діни төзімділік дәстүрі үзілмеді. Осының әсерімен еврейлердің Абдуллаһ ибн Сәләм сияқты айтулы ғалымдары Исламды қабылдағаны белгілі.

Ислам қоғамында христиандарға және олардың шіркеулеріне құрметпен қаралды. Шіркеудегі түрлі мүсінді тастарға, мозаикаларға, суреттерге, арнайы мерекелерде тағатын айқыштарына, қабірлері мен жаназаларына құрмет көрсетілді. Мәселен, Синай тауындағы Синай монастырлығы III ғасырда салынған ғимарат. Ол христиан тарихында алғашқы шіркеулердің қатарында болғандықтан мұсылмандардың қолына өткенде мешітке айналдырылмаған. Тек қана мұсылмандардың нышаны ретінде бір бөлмесі ғана намаз оқуға әзірленген.

Стамбулдағы Аясофия мешіті де осының айғағы. Әлі күнге христиандардың шіркеуі ретінде тарихи естелік болып сақталған [8, 2-3 б.]. Бұндай үлгілерді бүкіл ислам әлемінен байқауға болатынын еске саламыз. Айталық, Дамаск мешітін кеңейту үшін Яхонна шіркеуіне сызат түсірген халифа әл-Уәлид ибн Абдулмәликтің қателігін халифа Омар ибн Абдулазиз түзеуге тырысқан [8, 2-3 б.].

Мұсылман билігіне қарасты төленетін салықтың өзі шамасы келетін еркектерден алынып, әйелдерден, балалардан, поптар мен мүмкіндігі жоқ науқас, соқыр, кедейлер мен құлдардан алынбағандығын христиан зерттеушілері зор құрметпен жазған [1, 157 б.].

Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) «Сендерге кітап иелерін, яғни христиан мен еврейлерді аманат етемін», – деп өсиет қалдырған.

Басқа бір хадисте «Кімде-кім кітап иелерін жәбірлесе, ақыретте мен оның дұшпанымын», – деп қатаң ескерткен.

Ендеше, қазіргі заман ойшылы Ф. Гүлен бастама көтерген өзге дін өкілдерімен ортақ тіл табысуға тырысу, бейбіт қатар өмір сүруге талпыну Ислам дінін оларға дұрыс жеткізу мұсылмандардың ең негізгі міндеті болмақ.

Вкратце об статье

В данной статье рассматриваются вопросы касающихся религиозной толерантности и о личности Ф. Гюлена. Приводя много исторических примеров на данную тематику автор делает акцент на то, что Ислам как религия мира всегда поддерживал межрелигиозное согласие и толерантность.

Briefly about the article

This article discusses issues relating to religion tolerance and the identity of F.Gulen. Citing numerous historical examples on this subject the author emphasizes the fact that Islam as a religion of peace has always supported the inter-religious harmony and tolerance.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Арнольд. С. әд-Даутул илал Ислам. Арабшаға аударғандар: Хасан Ибрахим Хасан және жолдастары. Б. 157. Кахира.
2. Ali Unal, Advocate of Dialogue: Fethullah Gulen, (Fairfax; The fountain, 2000) p. 193-94
3. Бұхари, Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Исмайыл, Сахиху Бұхари
4. Давуд Айдуз, Тарих боюнжа динлерарасы диалог. Ышык йайынлары, 2005.
5. «Диалог Еуразия» (da) журналы, 2009, №28. 45 б.
6. Ибн Хишам, әс-Сира, II
7. Мүслим, Әбу Хұсейін Мүслим ибнул-Хажжак, Сахиху Мүслим

8. Левент Өзтүрк, Ислам топлумунда христианлара гөстерилен хошгөру өрнеклери, с. 2-3. Сайгы ве хошгөру семпозиуму, 15-18 майыс 2000 Чанаккале.
9. «Сана сәулетшісі» (Қазақ зиялыларының Фетхуллаһ Гүлен жайлы ой-толғамдары), Алматы: Ан Арыс баспасы, 2010. – 536 б. Құрастырушы: Мәлік Отарбаев.
10. Халифа Алтай, Құран кәрім: мағына және қазақша түсінігі
11. Хамидуллаһ, «Хазрети Пейгамбер ғайримуслимлере насыл давранды» (Ауд: Суфи Сейф), Илим ве санат, 2, 7 сан, 1986.
12. Хамидуллаһ, Мухаммед Ислам пейгамбери, (Ауд: Салих Туғ, Ирфан йайынлары, Стамбул, 1991)
13. <http://www.religions-congress.org>
14. <http://kz.fgulen.com>